

ГАЗЕТКЕ
ОНЛАЙН ЖАЗЫЛУ

Осы QR кодты телефонмен сканерлеу арқылы «Saryarqa samaly» газетіне жазыла аласыз!

Құттықтаймыз!
Атаның орны балаға қалады

Лебяжі (Аққулы) мектебін және Алматы халық шаруашылығы институтын тәмамдады. Еңбек жолын Лебяжі кеңшарында бастап, түрлі басшылық қызметтерде елге адал еңбек етті. Комсомол мен партия органдарындағы жұмыстарынан бастап, аудандық атқару комитеті төрағасының орын басарына дейінгі жолы - оның жауапкершілігі мен ұйымдастырушылық қабілетінің дәлелі.

1992-1993 жылдары Лебяжі ауданының тұңғыш әкімі болып қызмет атқарып, аудан тарихында өшпес із қалдырды. Кейін облыстық қаржы және меншік салаларында, сондай-ақ «Ромат»

компаниясында басшылық қызмет атқарды. Елге сіңірген еңбегі биыл жоғары бағаланып, 2025 жылдың 25 қазанында Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың атынан «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталды. Марапатты Павлодар облысының әкімі Асайын Байханов табыстады.

Бүгінде Қадыр Әжімұратұлы - «Облыс алдында сіңірген еңбегі үшін» белгісінің иегері, Аққулы ауданының Құрметті азаматы, облыстық «Ақсақалдар тағылымы» қауымдастығы мен Билер кеңесінің белсенді мүшесі. Қоғамдық өмірден қол үзбей, өңірдің мәселелеріне өз тәжірибесімен үлес қосып келеді.

Атамыздың ең үлкен байлығы - отбасы. Өмірлік серігі Мақсура Солтанқызымен бірге бес бала өсіріп, бүгінде 11 немере мен 8 шөберенің ақылшысы болып отыр. Атамыздың еңбекқорлығы, кең пейілі, әділдігі мен парасаты - біз үшін үлгі әрі аманат.

Ата, сіз біз үшін - әулеттің тірегі, парасаттың шамшырағысыз. Алдыңыздан тек жақсылық жолдас болып, деніңіз сау, жүзіңіз жарық болғай. Ұрпақ қуанышын көріп, аман-есен жүз жасаңыз!

Ізгі тілекпен, немерелері мен шөберелері.

(2045)

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Еуроазиаттық энергетикалық корпорациясы» АҚ Электр станциясының электр қуатын қалпына келтіру жобасы бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарлайды.

Объектінің географиялық координаттары: 52.796; 76.523
Тыңдау 2025 жылғы 23 желтоқсанда сағат 11:00-де Павлодар облысы, Ақсу қаласы (Ақсу кенті), Комсомольская көшесі 3, «Юность» КДЦ мекенжайы бойынша өтеді. Қоғамдық тыңдаулар аралас форматта (ашық жиналыс және бейнеконференциялар) өткізіледі: <https://erg.zoom.us/j/81417943864?pwd=eTAWhtc6cyXGDVUoEb2AAAc6HprycCQK.1>

Конференция идентификаторы: 81417943864

Кіру коды: 860318

Бастамашы: «Еуроазиаттық энергетикалық корпорациясы» акционерлік қоғамы, БСН 960340000148, Павлодар облысы, Ақсу қ., Промышленная көшесі 60 ғимарат, 8 705 731 77 87, Alyona. Tulekova@erg.kz

Әзірлеушілер: «Экосистема» фирмасы ЖШС, БСН 970340001950 Павлодар қ., Торайғыров к-сі, 48, 1-құрылыс, 210-кеңсе, тел. + 7 705-612-12-62, e-mail: ecosyst@mail.ru.

Жобалық құжаттама пакетімен ndbecology.gov.kz ақпараттық жүйесінде, сондай-ақ «Павлодар облысының жер қойнауын пайдалану, қоршаған орта және су ресурстары басқармасы» ММ ресми сайтында (unosvr@mail.ru) қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде танысып, ескертулер мен ұсыныстар енгізуге болады.

(20151)

БАЙҚАУ!

Сыйлық ұтып ал!

Павлодар облысының табиғи және мәдени көрікті жерлерін бейнелейтін ролик жасап, «Tourism Vision: саяхатшының көзқарас бейнесі» конкурсына қатысыңыз. Қатысуға арналған өтінімдер 25 қарашаға дейін қабылданады.

Конкурс ішкі туризмді насихаттауға арналған. Қатысушылар Павлодар облысының бірегей табиғи және мәдени ескерткіштерін көрсетуі тиіс. Видеоролик ұзақтығы 2 минуттан аспауы қажет.

Қатысуға 18-ден 35 жасқа дейінгі Қазақстан азаматтары мен шетел азаматтары шақырылады, бірақ мемлекеттік қызметкерлер қатыса алмайды.

Конкурсқа қатысу үшін видеороликті Instagram немесе Facebook жеке парақшаңызға жариялап, облыстың туризм бөлімінің парақшасын [@visit_pavlodar.obl](https://www.facebook.com/visit_pavlodar.obl) белгілеу керек. Сонымен қатар бейнеролик YouTube-қа ашық түрде жүктеліп, turizmpvl@mail.ru

электрондық поштаға жіберілуі қажет.

Өтінімде видеороликтің атауы, автордың аты-жөні, оқу орны немесе жұмыс орны, телефон нөмірі және бейнероликке сілтеме көрсетілуі тиіс.

Бейнероликте суреттерді пайдалануға болмайды. Қолдануға болатын форматтар: MP4, MPEG, MOV, WMV. Бейнені көлденең бағытта түсіру қажет.

Павлодар облысының тамаша табиғаты мен мәдени көрікті жерлерін көрсету арқылы қатысушылар шығармашылықтарын танытып, байқау жеңімпаздары ретінде құнды сыйлықтарға ие бола алады.

Аружан ҚУАНДЫҚҚЫЗЫ.

Павлодар облысының әкімдігі Қазақстанның белгілі қоғам қайраткері, педагогика және мемлекеттік қызмет ардагері, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің I шақырылым депутаты, Павлодар облысының Құрметті азаматы **Рысты Мағауияқызы Жұмабекованың** дүниеден өтуіне байланысты марқұмның туған-туыстары мен жақындарының қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

СПОРТ

Азия чемпионатының
жүлдегері

Үндістанның Ченнаи қаласында 3-14 қараша аралығында ардагерлер арасында өткен жеңіл атлетикадан Азия чемпионатында Қызылағаш ауылының тұрғыны, Павлодар облыстық спорттық-бұқаралық іс-шараларды өткізу орталығының спорт нұсқаушысы Светлана Лаптева жоғары нәтижелерге қол жеткізді.



60 жас санатында сынға түскен спортшымыз төрт бірдей медаль еншіледі. Екпінмен ұзындыққа, үш қарғып секіруден 2-орын иесі атанды. Ал 100 метрге жүгіру және 4x100 метр эстафетасынан 3-орын алды.

Светлана Лаптева Успен аудан-

ның атын халықаралық деңгейде танытып, нағыз табандылық пен спорт рухының жарқын үлгісін көрсетті.

Аружан
ҚУАНДЫҚҚЫЗЫ.



Туімді жарнама!



«HALYQ RADIOSY» – 100.5 FM толқыны өз жарнамаңызды «Бизнес FM» бағдарламасында орналастырудың ерекше мүмкіндігін ұсынады. Дыбыс роликтерін әзірлеу және жалға беру бағасы 3000 теңгеден бастап, ал хабарландырудың әрбір сөзі үшін 100 теңге, 10 сөзден асса, бағасы 80 теңге болады. Жарнамаңыз күніне 24 рет шығып, тыңдаушылардың 90%-дан астамын қамтиды. Бұл жарнама беруші үшін ең тиімді де нәтижелі болатыны сөзсіз! «HALYQ RADIOSY» толқынындағы «Бизнес FM» бағдарламасы Сізді міндетті түрде естигі!

Телефондарымыз: 66-15-40, 66-15-42.

SARYARQA
SAMALY

МЕНШІК ИЕСІ:

«Павлодар облысы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі (Павлодар қаласы) «Ертіс Медиа» ЖШС, «Saryarqa samaly» облыстық газеті Газетке Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат комитетінің мерзімді басылымды, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы 29.12.2023 ж. №KZ17VPY00084792 куәлігі берілген.

Газет 1979 жылы «Құрмет белгісі» орденімен, 2014 жылы «Алтын жұлдыз» жалпы-ұлттық сыйлығымен, 2022 жылы «URKER» ұлттық журналистика сыйлығымен марапатталды.



ЖШС директоры
Руслан БИЛЯЛОВ

Бас редактор
Нұрбол ЖАЙЫҚБАЕВ

Телефоны: 66-15-30

ЖШС-нің мекенжайы:
Павлодар қаласы,
Астана көшесі, 143-үй.

Редакцияның мекенжайы:
140000, Павлодар қаласы,
Астана көшесі, 143-үй.
Теле/факс 66-15-30

Біздің сайт: saryarka-samaly.kz



Газеттің электронды поштасы: ssamaly29@gmail.com.
Бас редактордың орынбасары - 66-15-28.
Жауапты хатшы - 65-12-74.
Әлеуметтік бөлім - 66-14-64, 66-15-31, 66-15-32.
Экономика, саясат - 66-14-64, 66-15-28, 66-14-65.

Жарнама бөлімі:
smi14reklama@gmail.com
66-15-42, 66-15-40.

Маркетинг және тарату бөлімі - 66-15-41.

Газеттің нөмірі «Saryarqa samaly»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Газет аптасына бір рет шығады, осы нөмірдің таралымы 1665 дана, бүгінгі көлемі 8 б.т. «Дом печати» ЖШС баспахана-сында басылды. ҚР Павлодар қаласы, Астана көшесі, 143-үй. Газеттің сапалы басылуына баспахана жауап береді. Телефоны: 8 (7182) 61-80-26.

Басылуға қол қойылған уақыты 17.00.
Тапсырыс - 1267

Хаттар, қолжазбалар, фотографиялар мен суреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды. Көлемі А4 (14 кегль) форматындағы 2 беттен асатын материалдар қабылданбайды.

Редакция оқырмандардан түскен барлық хаттарды тегіс жариялауды және оларға жауап беруді міндетіне алмайды.

Жарнамалық материалдардың мазмұнына жарнама берушілер жауап береді.

Нөмірді әзірлеу барысында интернет ресурстарынан алынған фотосуреттер де пайдаланылды.

Авторлардың пікірлері редакция ұстанған көзқарасқа сәйкес келмеуі де мүмкін.

«Saryarqa samaly»-нда жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.

Баспа индексі 55443.